



ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

4 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАУДА



Мақаншы ауданындағы Қаратал ауылының тұрғындары Жаңа жылды жаңа баспанада қарсы алатын болды.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semeityan»

Бейсенбі, 26 желтоқсан күні аудан әкімі Дәурен Қойгелдин баспана кезегінде тұрған әлеуметтік осал топтағы және көп балалы отбасыларға «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында салынған төрт пәтерлі екі тұрғын үйдің кілтін табыстады. Салтанатты шарада аудан әкімі Дәурен Бақытжанұлы тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты бағыттарының бірі екенін, осыған орай өңірде қажетті шаралар қолға алынып жатқанын айта келе тұрғындарды қоныс тойымен құттықтап, шаңырақтарына шаттық, құт-береке, отбасыларына амандық тіледі.

Тұрғын үй кілтін алған отбасылар көрсетілген қамқорлық пен қолдау үшін облыс, аудан басшылығына ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

– Көп жылдан бері баспана мәселесінде қиындық көріп келдім. Мемлекеттің көп балалы отбасыларға деген қамқорлығының арқасында жайлы, жарық және жылы үйімізге кірдік. Бүгін мен үшін де, балаларым үшін де қуанышты күн, – деді көп балалы аналаа атынан сөз алған Жансаа Зекенова.

Айта кетсек, Мақаншы ауданында жалпы ауданы 4250 шаршы метрді құрайтын 50 пәтер пайдалануға берілді. Келесі жылы ауданы 65 шаршы метр болатын 50 пәтер және 85 шаршы метр болатын 50 пәтер салу жоспарланған.

ӘКІМ НАЗАРЫНДА

Облыс әкімі Нұрлан Ұрханбаев Жаңа жыл қарсаңында Семей қаласындағы арнайы мектеп-интернаттарына барып қайтты. Облысымыздағы ерекше балаларға білім беретін мектептердің бүгінгі тыныс-тіршілігіне танысып, оқушылармен, ұстаздармен кездесті.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Кербез ЖАЙСАНБЕКОВА,
«Semeityan»



Облыс әкімі Нұрлан Ұрханбаев алдымен Семейдегі №3 арнайы мектеп-интернатында болды. Мұнда бүгінде 135 бала тәрбиеленуде. Мектеп-интернатта заман талабына сай жабдықталған оқу бөлмелері, медициналық кабинеттер, кітапхана, шеберхана, асхана жұмыс істейді. Оқушылардың қызығушылықтарына қарай түрлі үйірмелер де ашылған. Мұнда өзге өңірлерден келген балалар да бар.

Облыс әкімі балалармен әңгімелесіп, өтініш-тілектерін тыңдады. Кездесуде оқушылар спорт залын салып беруді сұрады, сондай-ақ мектепшілік ансамбль мүшелерінің сахналық киімдерін жаңартуға, сапалы микрофон алуға қолдау көрсетілсе деген өтініштерін жеткізді.

Оқушылардың өтініш-тілегін мұқият тыңдаған өңір басшысы бұл мәселелердің шешімін қарастыруды білім басқармасына жүктеді. Айта кетерлігі, облыстық білім басқармасының ақпараты бойынша, мектеп-интернатқа қажетті жаңа ғимараттың жобалық-сметалық құжаттамасы дайын.

– Мен сіздермен мүмкіндігінше жиі байланыста болуға тырысамын. Сіздердің жетістіктеріңізге қуанып, марқайып отырамын. Түрлі өнер сайыстары мен білім, спорт додаларында топ жарып, облысымыздың намысын абыроймен қорғап жүргендеріңізді білемін. Сіздердің алаңсыз білім алуларыңызға барлық жағдайды жасауымыз керек. Өтініш-тілектеріңізді орындауға әзірміз. Айтылған өтініштеріңіз міндетті түрде орындалатын болады. Келе жатқан Жаңа жыл баршаңызға құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Бұл ілтихам ошағында республикаға танымал бірнеше өнер ұжымдары бар. Солардың бірі – түрлі республикалық байқаулардың бірнеше мәрте жеңімпазы «Сұлу саз» фольклорлық ансамблі. Ансамблдің кезекті дайындығына деп түскен облыс басшысы балалардың өнерін де тамашалады. Талантты шәкірттердің бірі Кәусар Тілекқызы облыс басшысына оқушыларға қолдау көрсетіп отырғаны үшін алғысын айтып, халық өні «Янұрай-56» саксафонда нақышына келтіре орындап берді. Оқушылар облыс әкіміне өздері жасаған қолөнер бұйымдарын сыйға тартты.

Облыс әкімі жұмыс сапарын №4 арнайы мектеп-интернатында жалғастырды. Оқушыларды Жаңа жылмен құттықтап, мықты денсаулық, қуаныш және оқуда табыс тілеген өңір басшысы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қамқорлық жасау басым бағыттардың бірі екенін атап өтті.

Интернат директоры оқушылардың жетістіктерін атап өтіп, шәкірттердің оқуда және шығармашылық, қоғамдық жұмыстарда белсенді екендерін жеткізді. Облыс әкімі оқушылармен әңгімелесіп, алдағы мерекеге дайындықтарын тамашалады.

№4 арнайы мектеп-интернаты 100 оқушыға арналған. Жалпы ауданы 2488 шаршы метрді құрайтын бейімделген ғимаратта орналасқан. Негізгі ғимарат 1950 жылы салынса, ал жатын ғимарат 1978 жылы пайдалануға берілген. Мектепте есту қабілеті бұзылған 72 бала білім алуға, оның 65-інің мүгедектігі бар. Олардың сапалы білім алуын және тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасалған. Мектемеде 14 тәрбиешіні қосқанда 49 педагог жұмыс істейді. 21 оқу кабинеті, 6 дефектолог кабинеті, есту жұмысы кабинеті, сондай-ақ қыздар мен ұлдарға арналған екі оқу шеберханасы бар. Оқушылардың жатын корпусы 65 орынға арналған, ал типтік оқу корпусы білім беруіне қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Сондай-ақ мұнда бейімделген спорт залы, кітапхана, 90 орындық асхана және медициналық пункт жұмыс істеп тұр.

Облыс басшысы Нұрлан Ұрханбаев №5 және №6 арнайы мектеп-интернаттарына да барды. Оқу кабинеттерін аралап, материалдық-техникалық жабдықтауымен танысты. Осыдан соң өңір басшысы педагогтермен және тәрбиеленушілермен кездесіп, өтініш-тілектеріне құлақ салды.

– Балаларға қамқорлық жасау – біздің міндетіміз. Өрбір баланың арманы орындалуға лайық. Біздің мақсатымыз – олардың жайлы ортада алаңсыз білім алуына жағдай жасау. Балалардың бақытты, дені сау және табысты болып өсуі үшін бар күшімізді саламыз, – деді облыс әкімі.

№6 интернатта ақыл-ойы жеңіл және орташа бұзылған 250 бала, №5 интернатта есту қабілеті және сөйлеу қабілеті бұзылған 141 бала оқиды.

Сапар барысында облыс әкімі интернат басшыларынан толғандыратын мәселелері жайлы сұрады. Солардың қатарында интернат ауласына спорт алаңдары мен спорт залын салу туралы мәселе де айтылды.

ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ

Абай облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Айдар Садырбаев өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында 2024 жылы атқарылған жұмыстардың нәтижелері мен жеткен жетістіктер туралы туралы баяндады.

500-ДЕН АСТАМ ІС-ШАРА ӨТТІ

Сымбат ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
«Semeityan»

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінде облыста 665 үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде 7 саяси партияның 16 филиалы, 49 кәсіподақ ұйымы, 184 діни бірлестік, 49 этномәдени бірлестік, 225 қоғамдық бірлестік (оның ішінде 21 жастар ұйымы) және 142 қоғамдық қор бар. Биыл сондай-ақ облыс әкімдігі жанынан үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес құрылған. Кеңес құрамына 15 адам кіріпті. Өңірде этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға бағытталған әр түрлі форматтағы мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылған.

– Жыл басынан азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп 500-ден астам іс-шара өткізілді. Облыс көлемінде түрлі этнос өкілдерінің басын біріктіріп отырған 5 Достық үйі және 49 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Этносаралық саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында мыңнан астам түрлі форматтағы іс-шара ұйымдастырылды. Биыл өткізілген іс-шаралардың қатарында жастарға арналған ETNO-FEST және «Этнохалық» фестивалдері, ақсақалдар арасында өткен «Ақ бата – асыл мұра» облыстық бата байқауы және басқа да іс-шаралар бар. Сондай-ақ облыс әкімінің қатысуымен өткен дәстүрлі «Достық - 2024» байқауында этномәдени бірлестіктер арасында биылғы жылдың жеңімпаздары анықталды, – деді А. Садырбаев.

Айдар Садырбаевтың айтуынша, облыста бүгінде 14 пен 35 жас аралығындағы 152 мыңнан астам жас бар. Жастарға қолдау көрсету мақсатында түрлі бағдарламалар қолға алынған.

– Биыл «Абай жастары» тұрғын үй бағдарламасы аясында 21 жас отбасы және «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» бағдарламасы бойынша 9 жас отбасы баспаналы болды. Былтыр 41 жас отбасыға тұрғын үй берілген болатын. Биыл 5 336 жас жұмысқа орналастырылды. «Zhas Project» жобасы аясында 8 үздік жобаның әрқайсысы 1 млн теңгеге қаржыландырылды, – деді басқарма басшысы.

Айдар Садырбаев келер жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы болатынын атап өтті. Атаулы күндерге байланысты іс-шаралар жоспары бекітіліпті.

– Келесі жылы еліміз Конституцияның 30 жылдығын, Жеңістің 80 жылдығын, сондай-ақ ұлы Абайдың 180 жылдығын атап өтеді. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшыл болғандықтан, мерейтойлық шаралар республика көлемінде өтеді. Біз, Абайдың отаны ретінде, шет қалмаймыз. Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай, «Ассамблея жастары» республикалық Абай оқулары және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «30 қайырымды іс» жобасы іске асырылатын болады, – деді басқарма басшысы.

Баспасөз мәслихатының соңында басқарма басшысы журналистердің сұрақтарына жауап берді.

АБАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Осы аптада Абай ауданында тұрғындарды қуанышқа бөлеген жағымды жаңалықтар көп болды.



Сымбат ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
«Semeityan»

Абай ауданында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынған медициналық нысандар пайдалануға берілді. Медеу, Орда ауылдарында медициналық пункт пен Саржал ауылында дәрігерлік амбулатория ашылды. Аудан әкімі Мейірахан Смағұлов Медеу ауылындағы медициналық пункттің ашылу салтанатына қатысып, тұрғындарды құттықтады.

– Мемлекет тарапынан ауыл-аймақтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөліп отыр. Соның бір дәлелі – биыл ауданымыздың үш бірдей ауылында жаңа медициналық нысандарға арналып ғимараттар бой көтеріп, пайдалануға беріліп отыр. Енді ауыл тұрғындары алысқа бармай-ақ алғашқы медициналық көмекке қол жеткізе алады. Жаңа медициналық пункт халыққа сапалы көмек көрсету үшін барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, – деді аудан әкімі.

Дәл осы күні Қарауыл ауылында 28 жаңа баспананың кілтін салтанатты түрде табыстады. Кейінгі жылдары Абай ауданында да тұрғын үй құрылысы қарқын алған, оны тұрғындар да сезінуде. Бүгінде 8 ауылдық округте және 1 елді мекенде Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында салынған 70 пәтердің құрылысы толық аяқталып, мемлекеттік тұрғын үй кезегінде тұрған отбасыларға берілді.

Баспаналы болған тұрғындар атынан сөз алған Гүлзира Дененбаева аудан басшылығына, құрылысты жүргізген азаматтарға алғысын айтты.

СЕМЕЙ

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС

Семей қаласының жаңа әкімі Талғат Мұратов әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен танысу мақсатында қала мен оған қарасты шеткері аудандарды аралауда.

Азамат ЕРСАЙЫН,
«Semeityan»

Талғат Мұратов осы аптада қала іргесіндегі Бобровка және Мұрат саяжай алаптарының тұрғындарымен кездесті. Аумақтағы өзекті мәселелермен танысып, тұрғындар өтінішіне құлақ түрді.

Саяжай жұртшылығы көтерген негізгі мәселе электр желілерінің құрылысына қатысты болды. Қоғамдық көлік қатынасы, ауыз су жайы да айтылды. Кездесу барысында барлық өзекті мәселелер талқыға салынды.

Еске сала кетсек, осыған дейін аталған саяжайлар аумағында 4500 бағана орнатылып, кабельдік желілер тартылған болатын. Қазіргі таңда жұмыстар жалғасуда. Сонымен қатар Мұрат саяжай алабында 4 трансформаторлық қосалқы станция және Бобровка саяжайында 6 трансформатор орнатылуда.

Қала басшысы саяжай алаптарын тұрақты түрде электрмен жабдықтау мәселесін жеке бақылауына алғанын айтып, алдағы жылға жоспарланған жұмыстарға да тоқталып өтті.



Мұрат Батырұлының айтуынша, 2025 жылы қалаға қарасты саяжайлардағы инфрақұрылымды жақсартуға қатысты жоспар жүзеге асырылмақ.

Қала әкімі сонымен қатар шаһардағы аула аумақтарын абаттандыру мәселесі бойынша көшпелі кеңес өткізді. Талғат Батырұлы бастаған жұмыс тобы бірнеше ауланы аралап шықты. Соның нәтижесінде бірқатар аулалар 2025 жылдың абаттандыру жоспарына енгізілді.

Тағы бір айта кетерлігі, облыс әкімі Нұрлан

Телманұлының тұрғындармен есептік кездесуінде Бөгенбайұлы көшесінде орналасқан №44 тұрғын үйдің ауласын абаттандыру туралы өтініш айтылған болатын. Осыған орай қала әкімі бөлім басшыларымен бірге аталған мекенжайға арнайы барып қайтты. 2025 жылы облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес аталған тұрғын үйдің ауласы толықтай абаттандырылатын болады.

Қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында жүйелі жұмыстар жалғаса бермек.

